**«Жетісу облысы білім басқармасының**
**Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің**
**«№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**



# БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН, ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУІ

**Талдықорған қаласы, 2026 жыл**

## МАЗМҰНЫ

**Кіріспе**.........................................................................................................3
(Өзін-өзі бағалауды өткізу туралы бұйрық, балабақшаның
өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі бойынша
іс-шара жоспары, кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы,
өзін-өзі бағалаудың мақсат, міндеттері, жалпы ережелер,
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары)

**Бөлімдер**

I. «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы МКҚК туралы
ЖАЛПЫ СИПАТТАМА.........…...............................................................10

II. Кадрлық құрамға талдау…………………………………………............…20

III. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы…………………….............25

IV. Оқу-әдістемелік жұмыстар……………………………………….............43

V. «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы МКҚК
оқу-материалдық активтері…………………..........................................49

VI. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры………..………............…52

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау……………………...................58

VIII. №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасының ата-аналар мен педагогтермен жүргізілген сауалнамаға
сараптама………………………….................82

IX. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттары…...…86

## КІРІСПЕ

**Негіздеме:** Қазақстан Республикасының

Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 486 бұйрығының 1-қосымшасына

«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№8 «КҮНШУАҚ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЯСЛИ-САД №8 «КҮНШУАҚ» ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ ТАЛДЫКОРГАН УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

12.03.2026 № 62-01 ө

Талдықорған қаласы город Талдыкорган

**№8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту» туралы №146 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Жетісу облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылғы мемлекеттік аттестаттаудан өтетін Жетісу облысының білім беру мекемелерінің тізбесі негізінде №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасының қызметін өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу кезінде бірыңғай ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

**1.** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығы педагогикалык кеңесте бөбекжай-бақшасына таныстырылсын.

**2.** №8 «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы білім беру кызметін өзін-өзі бағалау іс-шараларының жоспары бекітіліп, 2026 жылдын 02 наурызымен 31 наурыз аралығында өткізілсін.

**3.** Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауы бойынша төмендегі құрамда комиссия мүшелері бекітілсін:

Комиссия төрайымы, бөбекжай – балабақшасы меңгерушінің уақытша м.а – Мамырова Гульжан Тургановна

Комиссия мүшелері:

Г.Мамырова – әдіскер, педагог – сарапшы;

С.Мұхтарқызы – тәрбиеші, педагог – зерттеуші;

Л.Иманалиева – музыка жетекшісі, педагог – зерттеуші;

А.Жамантаева – комиссия хатшысы, тәрбиеші, педагог – модератор

**4.** Бөбекжай – балабақшасының өзін – өзі бағалауын жүргізу бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес іс-шара жоспары бекітілсін;

001646

сәйкес
жасалынды

**5.** Комиссия құрамында бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай – балабақшасының өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру жауапкершілігі жүктелсін;

**6.** Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Меңгерушінің уақытша м.а** **Г.Мамырова**

Бұйрықпен таныстым: ____________ «12» 03 2026 ж.
Бұйрықпен таныстым: ____________ «12» 03 2026 ж.
Бұйрықпен таныстым: ____________ «12» 03 2026 ж.
Бұйрықпен таныстым: ____________ «12» 03 2026 ж.

Бекітемін:
№8 «Күншуақ» бөбекжай-
балабақшасы меңгерушінің
уақытша м.а
__________ Г.Мамырова
«12» 03 2026 жыл

**Балабақшаның өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізуі бойынша іс – шара жоспары**

| № | Жұмыс түрлері | Жауаптылар |
|---|---|---|
| 1 | Кезектен тыс педагогикалық кеңесті өткізу | Меңгерушінің уақытша м.а Г.Мамырова |
| 2 | Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуіне комиссия құру | Меңгерушінің уақытша м.а Г.Мамырова |
| 3 | Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын жүргізу. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 1-қосымшасы | Комиссия құрамы |
| 4 | Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылатын жұмыстар (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес ұсыну) | Комиссия құрамы |
| 5 | Өзін – өзі бағалау кезіндегі жұмыс нәтижесін бағалау, сараптау, талдау жасау | Меңгерушінің уақытша м.а, комиссия құрамы |
| 6 | Балабақшаның өзін – өзі бағалауын қорытындылау. Қорытынды бойынша кезектен тыс педагогикалық кеңес ұйымдастыру | Комиссия құрамы |
| 7 | Өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша қамқоршылық кеңес отырысын ұйымдастыру | Қамқоршылық кеңес мүшелері |
| 8 | Өзін – өзі бағалау қорытындысы аумақтық бөлімшелерге ұсыну | Комиссия мүшелері |
| 9 | Өзін – өзі бағалау қорытындысын жариялау (интернет ресурстарына орналастыру) | Комиссия мүшелері |

**«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы МКҚК**
**Кезектен тыс педагогикалық кеңес**
**№3 хаттамасы**

**Өткізілген уақыты:** 2026 жыл 12 наурыз
**Өткізілген орны:** №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

**Қатысқандар:**
Бөбекжай – балабақшасы меңгерушінің уақытша м.а – Г.Мамырова
Әдіскер: Г.Мамырова
Тәрбиешілер, мамандар
Барлығы – 42 адам қатысты.

**Тақырыбы:** Жетісу облысының білім саласында сапа қамтамасыз ету департаментінің 2026 жылдың 24 ақпан айында бекітілген жоспарының кестесіне сәйкес, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы МКҚК өзін – өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы.

**Күн тәртібі:**

1.Педагогикалық ұжымды 2026 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстыру туралы;

2.Бағалау өлшемшарттарына сәйкес бөбекжай – балабақшаның өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту туралы.

3.Бөбекжай – балабақшасының өзін – өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспарын бекіту.

**Тыңдалды:**

Сөзді меңгерушінің уақытша м.а Г.Мамырова алды. Біздің бүгінгі жиналуымыздың себебі, 2026 жылдың мамыр айында бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізімінде болғандықтан, ағымдағы 12.03 – 30.04.2026ж. аралығында бөбекжай – балабақшасында өзін – өзі бағалауын өткізу жоспарлағанын атап өтті. Бөбекжай – балабақша меңгерушінің уақытша м.а «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы желтоқсандағы №486 бұйрығымен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтосандағы №31053 болып тіркелді). Осы құжаттарға сүйеніп бөбекжай – балабақшасы өзін-өзі бағалауын, өлшемшарттардағы талаптарды орындау мақсатында кешенді жоспар құрылып, жұмыс жүргізілуі қажет екенін айтты. Әдіскер, Г.Мамырова әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасына бөбекжай – балабақшасының меңгерушінің уақытша м.а ұсынды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай – балабақшасының әдіскері өз сөзінде комиссия құрамымен таныстырды.
Комиссия мүшелері:

Әдіскер Г.Мамырова әдістемелік ұсынымға сәйкес, комиссия төрағасы болып балабақша меңгерушінің уақытша м.а Г.Мамырова ұсынды. Тәрбиеші С.Мұхтарқызы комиссия құрамына осы жұмыстардың жауапкершілігі жүктелді, музыка жетекшісі Л.Иманалиева, тәрбиеші А.Жамантаева комиссия хатшысы болып ұсынылды.

Педагогикалық кеңеске қатысушылар бірауыздан комиссия мүшелерінің құрамына келісті.

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай – балабақшасының өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша жоспармен әдіскер Г.Мамырова таныстырды.

- Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы туралы мәлімет;
- Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттардың орындалуы;
- Тәрбиеленушілердің контигенті мен баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің талдауының болуы;
- Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттардың сақталуы;
- Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптардың орындалуы;
- Көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі (ата-аналармен, педагогтермен сауалнама жүргізу) нәтижесін шығару;
- Ақпараттық ресурстар және кітапхана қорын жинақтау;

Осы жоспар бойынша құжаттамаларды талдау комиссия мүшелерінің құзіреттілігіне берілді.

**ҚАУЛЫ:**

1.Балабақшаның өзін – өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

Комиссия төрайымы, бөбекжай – балабақшасы меңгерушінің уақытша м.а – Г.Мамырова
Г.Мамырова – әдіскер.
С.Мұхтарқызы – тәрбиеші.
Л.Иманалиева – музыка жетекшісі.
А.Жамантаева – комиссия хатшысы, тәрбиеші.

2.2026 жылғы 05 мамырға дейін комиссия өзін – өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру процесінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша қамқоршылық кеңес алдында есеп берсін.

**Комиссия төрайымы:** **Г.Мамырова**

**Хатшы:** **А.Жамантаева**

## Өзін - өзі бағалаудың мақсаты

Балабақшадағы

тәрбиелеу мен оқыту процесінің жағдайы туралы толық ақпарат алу

Балабақшаның болашақтағы стратегиясын жақсартуда

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты

тәрбиелік – білімдік жұмыстар сапасына қиындық келтіретін мәселелерді анықтау;

Балабақшадағы тәрбиелеу мен

оқыту процесінің іс жүзіндегі жағдайы мен алға қойылған жоспарына сәйкес жаңашылдықтарды табу.

## Өзін-өзі бағалаудың міндеттері

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың МЖМБС және Үлгілік оқу

Бағдарламасы талаптарына сай білім беру қызметін жүзеге асыру;

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз

ететін, педагогтердің жалпы білім беру деңгейіне сәйкестігі

МЖМБС білім беру салаларының мазмұны бойынша баланың даму мониторингісіне оқыту нәтижесінің сәйкестігі

Мектепке дейінгі

тәрбиелеу-оқыту қызметіне

ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қанағаттану дәрежесін анықтап білу

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту әрі өмірін қорғауды қамтамасыз ететін, пәндік – кеңістік дамыту ортасының сәйкестігі

## Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі

## Жалпы ережелер

1. "Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі" ММ "№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы" МКҚК-ның (бұдан әрі - Балабақша) өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына (бұдан әрі - бағалау өлшемшарттары) және білім беру ұйымының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілері негізінде әзірленді.

2. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы мен өткізуі бірыңғай тәсілді және ашықтықты қамтамасыз етті.

3. Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі кезінде зерделеудің негізгі бағыттары мен объектілері болып мыналар табылады:
1) білім беру ұйымдарының, мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
2) оқыту және білім беру;
3) білікті қызметкерлердің болуы;
4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

4. Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) бекітілген білім берудің тиісті деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - МЖМБС) жалпы талаптарына сәйкестігіне ұсынылатын білім беру қызметтерін талдау жолымен жүзеге асырылады:
1) оқу нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны;
2) тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі;
3) тәрбиеленушілердің даярлық деңгейі;
4) оқу мерзімі.

5. МЖМБС жалпы талаптарын талдау кезінде Бағалау өлшемшарттары пайдаланылды.

## І. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

**«Жетісу облысы білім басқармасының**

**Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ**

**«№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК туралы**

**ЖАЛПЫ СИПАТТАМА**

| | |
|---|---|
| **Мекеме атауы** | «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны |
| **Заңды мекен-жайы** | Жетісу облысы Талдықорған қаласы,<br>Конаев строение 43 |
| **Лицензияның номері** | № 24014207, әрекет мерзімі - шектеусіз |
| **Байланыс телефоны** | 8 (7282) 41-08-23 8 (7282) 41-05-15 |
| **Эл почтасы** | Yaslisad8@mail.ru |
| **БСН** | 101240009231 |
| **Жарғысы** | 14.09.2022 жыл |
| **Ғимарат түрі** | Типтік, 2 қабатты |
| **Қолдануға берілген жылы** | 18.05.2011 жыл |
| **Жобалық қуаттылығы** | 372 орындық |
| **Балалардың оқытылу тілі** | Қазақ тілі, орыс тілі |
| **Түрі** | Мемлекеттік |
| **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама** | Қызметтің басталғаны туралы №KZ29RVK00048271 хабарлама<br>Берілген күні: 28.03.2023 жыл<br>**https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-** |

| | |
|---|---|
| | **limetter.html**<br><br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді |
| **Медициналық лицензиясы** | Алматы облысы Әкімінің денсаулық сақтау басқармасы<br><br>Сериясы ЛП №15005311<br><br>№4827<br><br>Берілген күні: 19.03.2015 жыл<br><br>**https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-limetter.html**<br><br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді |
| **Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды** | Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды<br><br>№1705.X.KZ09VWF00150346<br><br>Берілген күні: 04.04.2024 жыл<br><br>**https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-limetter.html**<br><br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді |
| **Мектепке дейінгі ұйым басшысы** | «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі Саутбекова Жибек Алтаевна «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №292-ж/қ 06.11.2023 жыл бұйрығының көшірмесі **https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-limetter.html**<br><br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді)<br><br>Білімі – Жоғары, бакалавр, магистратура<br><br>1) І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік |

| | |
|---|---|
| | университеті, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, 2006-2010 жж.<br>2) І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу, 2016-2018жж<br>3) 2018-2020жж ғылыми-педагогикалық бағытта мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу Магистрі дәрежесін алды.<br>Біліктілік санаты – педагог – сарапшы.<br>Жалпы еңбек өтілі – 18 жыл, осы мекемеде 2ж жыл 6 ай. |
| **«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№4 ясли-бақшасы» МКҚК-ның ЖАРҒЫСЫ** | «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы» МКҚК-ның 31.08.2022 жылғы №16-н бұйрығымен бекітілді ( көшірмесі **https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-limetter.html**<br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді) |
| **Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу**<br>**Туралы анықтама** | БСН 101240009231, 14.09.2022 жыл (көшірмесі құрылтай құжаттарында тіркелген)<br>Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:<br>14.12.2010 жыл<br>**https://yaslisad8.edu.kz/kz/attestatsiya-2025-2026-oku-zhyly/zhalpy-sipattama/bilim-beru-jymy-turaly-m-limetter.html**<br>сайт сілтемесінің құрылтай құжаттарында тіркелді |

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «№8 «Күншуақ» бөбекжай – балабақшасы » МКҚК (бұдан әрі - Балабақша) 18.05.2011 жыл қолдануға берілген. Балалабқшаның жалпы ауданы: 7469,4 кв.м. Ғимараттың пайдалануға берілгені: 2010жыл; типтік ғимарат, 2 қабатты, темір-бетонды, кірпішті; жылу, ыстық және суық су, канализация, электр жабдықтауы – орталықтандырылған.

Балабақшада барлығы – 16 топ бар. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылатыны - 15 топ. Орыс тілінде тәрбиеленіп, оқытылатыны – 1 топ.

2 жастағы балалар - ( кіші топ) -2 топ

3 жастағы балалар - ( ортаңғы топ ) - 4 топ

4 жастағы балалар - ( ересек топ) - 3 топ, -1 орыс тілді тобы

5 жастағы балалар - (мектепалды топ) - 6 топ.

Балабақша бойынша - 372 бала тәрбиеленуде. Әр топ жас ерекшелігі бір қағидасы бойынша толықтырылған.

Балабақшаның жұмыс уақыты: сағат 7.30-дан 18.00-дейін. Демалыс күндері: сенбі, жексенбі. Балалар 3 (үш) мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген және 1 (бір) мезгіл жемістер мен шырындар беріледі. Балалар үшін музыка залы, дене шынықтыру залы, медициналык кабинет, әдістемелік кабинет, психология, логопед кабинеті, ата-аналарға кеңес беру консультьтативтік кабинеті, ашық спорт алаңы, баланың жас ерекшелігіне және заман талабына сай жабдықталған. Сондай-ақ, асхана, кір жуатын, кір үтіктейтін бөлмелері жыл бойы қызмет көрсетеді.

**№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы төмендегі құжаттарды басшылыққа алды:**

- ❖ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
- ❖ «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер еңгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы (2-қосымша, 3-қосымша)
- ❖ Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқаулық хат (2025 жыл, 26 шілде, 7 хаттама)
- ❖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтарындағы №6 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы».

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары «Бөбек», «Балапан» кіші, «Құлыншақ», «Айгөлек», «Ақтиін», «Бота» ортаңғы, «Күншуақ», «Қуаныш», «Қошақан», қазақ ересек топтары және «Көбелек» - орыс ересек тобы, «Балдырған», «Жұлдыз», «Көгершін» «Гүлдер», «Қызғалдақ», «Қарлығаш» мектепалды топтары неігізінде құрылды. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталды.

Оқу жылы 2025 жылдың 1 қыркүйек айынан басталып 2026 жылдың 31 мамырында аяқталады: 2025-2026 оқу жылында 29 тамызда өткізілген №1 педагогикалық кеңесте мектепке дейінгі ұйымның құжаттары түсіндіріліп, 2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бекітілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары кіші, ортаңғы,

ересек, мектепалды топтарда құрылды. Мектепке дейінгі ұйымда топтардың балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары төмендегі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді қамтиды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы №7 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қаңтарда №35663 болып тіркелген бұйрығы негізінде:

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

**«Бөбек» кіші тобы (2 жастағы балалар)**
**2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары**

| № | **Ұйымдастырылған іс-әрекет** | |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| 3 | Сенсорика | Күн сайын |
| 4 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Күн сайын |
| 5 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | Күн сайын |
| | Жапсыру | Күн сайын |
| | Құрастыру | Күн сайын |
| 6 | Музыка | Аптасына бір рет |
| | Музыка*** | Күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетуші іс-әрекет**** | Күн сайын |

Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, балалардың шулы аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

**Ортаңғы топ (3 жастағы балалар)**
**2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары**

| № | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | Күн сайын |
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| | Қазақтілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақтілі *** | Күн сайын |
| 3 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 4 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Күн сайын |
| 5 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 6 | Музыка | Аптасына бір рет |
| | Музыка**** | Күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетуші іс-әрекет***** | |

**Ересек топ (4 жастағы балалар)**
**2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары**

| № | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | |
|---|---|---|
| 1 | Дене тәрбиесі | Аптасына үш рет |
| | Дене тәрбиесі** | Күн сайын |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет | Күн сайын |
| | Қазақтілі | Аптасына бір рет |
| | Қазақтілі *** | Күн сайын |
| 3 | Математика негіздері | Күн сайын |
| 4 | Қоршаған әлеммен таныстыру | Күн сайын |
| 5 | Сурет салу | Күн сайын |
| | Мүсіндеу | |
| | Жапсыру | |
| | Құрастыру | |
| 6 | Музыка | Аптасына екі рет |
| | Музыка**** | Күн сайын |
| 7 | Арнайы түзетуші іс-әрекет***** | |

Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Басқа тілдерде оқытатын топтарда мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы педагогке бағдарлама айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылған.

**Мектепалды топ (5 жастағы балалар)**
**2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспары**

| № | Ұйымдастырылған іс-әрекет Балалардың іс-әрекеті | Аптадағы өткізу жиілігі | Аптадағы нормативтік жүктеме |
|---|---|---|---|
| 1. | Дене тәрбиесі | | 3 сағат |
| | Дене тәрбиесі** | Күн сайын | |
| 2. | Сөйлеуді дамыту | | 2 сағат |
| | Көркем әдебиет | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынасіс-әрекеті | Күн сайын | |
| | Қазақтілі | | 2 сағат |
| | Қазақтілі *** | Күн сайын | |
| 3. | Сауат ашу негіздері | | 3 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет | Күн сайын | |
| 4. | Математика негіздері | | 3 сағат |
| | Танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті | Күн сайын | |
| 5. | Қоршаған әлеммен таныстыру | | 2 сағат |
| | Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті | Күн сайын | |
| 6. | Сурет салу | | 1 сағат |
| | Мүсіндеу | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жапсыру | | |
| | Құрастыру | | |
| 7. | Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | Күн сайын | |
| | Музыка | | 2 сағат |
| | Музыка**** | Күн сайын | |
| 8. | Барлығы | | **20 сағат** |

Ұйымдастырылған іс-әрекет – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметттік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру міндеттерін іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы Үлгілік бағдарламада айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салтымен және дәстүрімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалардың шулы аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны:

-Перспективалық жоспар

-Циклограмма

-Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің тиімділігі, сондай - ақ баланың даму динамикасы туралы акпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік оқу

бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық - қаңтар айында және қорытынды - мамыр айында).

### Балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндеті.

**Тақырыбы:** «Балабақшадағы инновациялық технологияларды қолдануда балаларды ойын арқылы жан-жақты дамыту»
**Мақсаты:** Балабақшада тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық ойын технологиясын пайдалана отырып жан-жақты, білімді тұлға тәрбиелеу және мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру. Тәрбиеленушілердің жеке басынын жалпы мәдениетін қалыптастыру, олардың әлеуметтік, адамгершілік, интелектуалдық, физикалық қасиеттерін қалыптастыруға сәйкес қазіргі білім беру саясатын дамыту.
**Міндеттері:**
- педагогтар мен ата-аналардың өзара іс-қимыл жүйесін жетілдіру барысында мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына баулу, денсаулығын сақтау және нығайту, қауіпсіз өмір сүру негіздерін қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, және патриотизмге баулу;
- тәрбиеленушілердің қабілеттерімен қажеттіліктерін ескеру, жаңа инновациялық технологияларды қолдануда дамытушы орта құру;
- білім беру процесіне ата-аналарды тарту, өзара әрекет етуге, ынтымақтақтастыққа жұмысты ұйымдастыру.
- тәрбие-білім беру қызметін іске асыру үшін материалдық-техникалық базасын жаңарту;
- педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

## II. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

### Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мамандығы бойынша педагогтардың үлесі МЖБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін 2025-2026 оқу жылында барлығы 42 педагог жұмыс істейді: оның ішінде меңгеруші-1, әдіскер-1, тәрбиешілер-32, музыка жетекшісі-4, педагог-психолог-1, логопед – 1, дефектолог-1, дене тәрбие нұсқаушысы - 3.

**2025-2026 оқу жылында педагог кадрларының білімі туралы ақпарат**

| Барлық педагогтар саны | Жоғары білімі бар педагогтар саны | Арнайы орта білімі бар педагогтар саны |
|---|---|---|
| **32** | **27** | **4** |
| **100%** | **87,8%** | **12,2%** |




Педагогикалық кадрлардың білім деңгейін талдау барысында №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы қазіргі уақытта жоғары педагогикалық білімі бар педагогтардың саны 87,8% , яғни 27 педагогтың жоғары білімі бар, 4 педагогтың арнайы орта білімі бар екенін көрсетті, бұл – 12,2% құрайды. Бұл жерде педагогтардың 87,8% жоғары білімі бар болуы, балабақша үшін **жоғары** пайыздық көрсеткіш болып табылады.

Ағымдағы оқу жылында тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайтадаярлауды растайтын құжаттары бар педагогтардың үлесі: **100% құрайды**. 42- педагогтен, тиісті бейіні «мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша – 22 (жоғары білімі бар -18, арнайы орта - 4), оның ішінде педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер үлесі- 4,бейіні бойынша мамандар саны – 9 педагог.

**Педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/ растау туралы мәліметтер, 2025-2026 оқу жылы**

| Педагогтердің барлығы (меңгерушіні қоспағанда) | Педагог-зерттеуші | Педагог-сарапшы | Педагог-модератор | Педагог |
|---|---|---|---|---|
| 42 | 4 | 2 | 27 | 6 |
| 100% | 6% | 4% | 82% | 8% |




Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған растаған педагогтардың (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі: **100% құрайды**. Жалпы педагогтер санынан бір педагог жас маман болғандықтан «Педагог» біліктілік санаттары бар – 4%, педагог-модератор біліктілік санаттары бар – 82%, педагог-сарапшы біліктілік санаттары бар – 4%, педагог- зерттеуші біліктілік санаттары бар – 6%, Балабақшаның ағымдағы қызметін жоспар негізінде ұйымдастыруға функционалды міндеттерімен бекітілген жауапты қызметкерлер ұйымдастырады. Ішкі ережелер, нұсқаулықтар, күн тәртібі, мектепке дейінгі ұйымның даму бағдарламасы, жылдық жоспарлар, оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, перспективалық жоспарлар, циклограммалар және т. б. құжаттар негізінде атқарылады.

Балабақша қызметін бақылау педагогикалық кеңестер, педагогикалық сағаттар, өндірістік жиналыстар,меңгеруші жанындағы және ата-аналар жиналыстары арқылы бақылауға алынады. Жедел бақылаулар төмендегі жұмыстарды қарастырады. Ата-аналармен жұмысты талдауды, балалардың денсаулығын сақтау, балалардың тамақтануын қадағалау, топтың құжаттарын талдау, педагогтердің өзін-өзі білім алуын

жетілдіру. Қызметкерлердің жұмыстануы үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалған. Жанжалды жағдайлардың және қызметкерлердің шағымдарының болмауының қорытындысы, балабақшадағы қолайлы психологиялық климаттың бар екенін білдіреді. Педагогикалық құзыреттілікті арттыру үшін жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіліп тұрады және тәлімгерлерлер жұмыс жасайды.

**Балабақша педагогтерінің білім деңгейі мен кәсіби шеберлігі**

- Балаларға мейірімділік пен сүйіспеншілік танытады, қарым-қатынас үшін жайлы жағдайлар жасайды;
- Қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырады және оны тиімді қолданады;
- Балалармен бірге әрекет ету кезінде мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту әдістемесін меңгергені байқалады;
- Өз тәжірибесіне талдау жүргізе отырып, циклограмманы толықтырады;
- Ойында өзінің жасаған бұйымдарын қолданады;
- Тәрбиеленушілердің негізгі іс-әрекетінің түрлерін басқарады;
- Балалардың дамуында жетістіктерге қол жеткізе отырып, тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін табысты шешеді;
- Тиісті жас тобындағы балалардың психологиясын біледі жәнежайлы жағдайлар жасайды, эмоционалды қолдау көрсетеді;
- Даулы мәселелерді оңтайлы шеше алады;
- Мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық даму ерекшеліктерін біледі, балалардың үстел басында дұрыс отыруын, қимылдар жасау кезінде және қимылды ойындар ойнағанда дененің қауіпсіздігін бақылайды;
- Бақылауды үйретеді, зерттеу әрекетін бастайды;
- Топта тазалық пен тәртіп сақтауға баулиды;
- Ересектерге,басқа балаларға көмектесуге үйретеді;
- Мәдени-гигиеналық дағдыларға үйретеді;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
- Ата-аналарменын тымақтастық орнатады;
- Басқа педагогтермен (тәрбиеші, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, дефектолог, психолог, медицина қызметкері) жұп болып жұмыс істей алады:

1) тәрбиеші-тәрбиеші
2) тәрбиеші-дене тәрбие нұсқаушысы
3) тәрбиеші-музыка жетекшісі
4) тәрбиеші-психолог
5) тәрбиеші-арнайы педагог

- Балаларда зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытады;
- Педагогикалық әдеп нормаларын сақтайды;
- Ата-аналармен жұмыстың тиімді әдістерін көрсетеді;
- Сараланған жұмыс үшін мониторинг нәтижелерін талдайды және жүйелі қолданады;

- Цифрлық ресурстарды пайдаланады;

Балалардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қабілеттерімен қызығушылықтарын анықтайды, бақылайды, оларға мониторинг жүргізу ережелеріне сәйкес (бастапқы, аралық және қорытынды) диагностика жүргізеді;

- Балалармен және олардың ата-аналарымен мейірімді қарым-қатынас орната алады;
- Өзінің кәсіби қызметін талдайды;
- Өзінің озық тәжірибесін таратады;
- Өз жұмысын жоспарлайды, перспективалық жоспар негізінде циклограмма құрады.

Білім сапасы-педагогтер қызметінің сапасы. Осы сапаға қол жеткізу үшін біліктілікті жетілдіру үдерісін кадрлармен жұмыс істеу кезінде көтеруді қамтамасыз ету қажет. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, олардың шығармашылық бастамалар, жаңа педагогикалық технологияларды іздеу және игеру болып табылады.

Балабақшада жыл сайын балабақшаны дамытудың басымдықтарына сүйене отырып, жылдық міндеттерді ескере отырып, біліктілікті арттыру жоспары бес жылға жасалады. Біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификаттар бар. Жұмыс барысында балабақшада 42 педагогтен біліктілік арттыру курстарына барған педагогтер-42. Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі 100% құрайды. Жаңа оқу жылында келген жас маман, алдағы жылдары біліктілік арттыру курсының жоспарына қойылды. (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтардың сапалық құрам кестесі мен дипломдарының көшірмелері қоса берілді 2 - қосымша) Саналы белсенділік пен іскерлік біліктіліктің көрсеткіші, курстар арқылы педаготердің кәсібилігінің өсу динамикасы біліктілікті арттыру және аттестаттау нәтижелерімен расталады.

2023-2026 оқу жылдары аралығында педагогтар «Педагогикалық шеберлік орталығының Талдықорған қ. филиалы» «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Балаларды ерте дамыту институтында» өздерінің педагогикалық біліктіліктерін арттырды. Әдістемелік жұмыс педагогтердің шығармашылық әлеуетін ашу бойынша білім беру процесінде негізгі міндет болды. Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы жылдық жоспарға сәйкес алған мақсат пен міндеттерінің орындауына бағыталынған. Педагогтер практикадағы тәжірибесін өз білімін, қабілетін дамыту және жаңаны ойлап табу жолында өткізілетін іс-шараларға қабілеттерін шыңдап, ізденімпаздылықпен, қызықты өтуіне жауапкершілікпен қарайды. Үш жылда төмендегі көрсетілген келесі жетістіктерге қол жеткізіп отырмыз.

**2023-2024-2025 оқу жылдарындағы балабақша жетістіктері**:

- Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына, 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала тілі-бал» байқауына мектепалды топ тәрбиеленушісі Ильясова Арина қатысып III орынға ие болды;
- «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» Республикалық конкурсы- Алғыс хат;
- «Менің отбасым» атты Республикалық сурет салу байқауы - I орын Дипломы;

- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми – ақпараттық, танымдық – тәрбиелік «Шебер тәрбиеші» байқауы- I дәрежелі Диплом;
- Республикалық «Дала сазы» байқауына «Еркетай» бишілер тобы қатысып **БАС ЖҮЛДЕ** иеленді;
- «Ана, әже және мен» облыстық байқауы- Алғыс хат;
- «Ханталапай» облыстық байқауы- Алғыс хат;
- «Жетістік формуласы» обыстық марафонына балабақша педагог-психологі қатысып **БАС ЖҮЛДЕНІ** иеленді.
- «Замануи сабақ- педагогтың кәсіби өсуінің көрсеткіші» қалалық үздік сабақтар фестивалінде -I орынды Құрмет грамотасымен музыка жетекшісі Жансеркеева Б.Т иеленді.
- «Бала тілі-бал» байқауға мектепалды топ тәрбиеленушісі Нұрланқызы Алима қатысып III орынға ие болды;
- Республикалық «Дала сазы» байқауына Асетқызы Айару «Көркем сөз» номинациясы бойынша **БАС ЖҮЛДЕ** иеленді, Әміре Дана «Вокал» номинациясы бойынша I орын, Медетқызы Асылым – орын иеленді;
- «Өнерім саған - Қазақстан» атты фестиваліне тәрбиеленушілерден құралған «Еркетай» аспаптар оркестірі қатысты- Алғыс хат;
- «Ұлттық киім- ұрпаққа мұра» қалалық байқауына тәрбиеленушілеріміз Серікбай Жанали мен Асетқызы Айару қатысып «Ең үздік оюлы шапан» номинациясына иеленді;
- «Үздік психолог» қалалық байқауы- II орын;
- Халықаралық «Біз бақытты баламыз» байқауында жас өнерпаздардың шеберлігін шыңдауға қосқан үлесі үшін, «Бақытты елдің ұрпағы»- Алғыс хат;
- Халықаралық «Волшебная нота» байқауы, «Дарындар әлемі» - Диплом;
- «Hello winter Fest – 2023» 1 Республикалық шығармашылық байқауы. Қазақстан Республикасы «Жеті өнер» шығармашылық орталығы- Құрмет грамотасы;
- «Болашақ» дуэті, Бас жүлде «Сәнді киім өнері» номинациясы. Халықаралық «Біз бақытты баламыз»;
- «Шебер әке, өнерлі ана, еңбекқор бала» атты облыстық байқауы- Алғыс хат;
- «Мұқағали оқулары-2024» байқауы- Алғыс хат;

## III. Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы, Әділет ақпараттық жүйесінде № 20883 нөмірімен тіркелген) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған тәрбиеленушілерді қабылдау: Білім беру ұйымы Қызметтің үлгілік қағидаларының 13-тармағына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған

тәрбиеленушілерді e-zhetysu порталы арқылы қабылданып, ата-аналар электорнды жолдама әкеледі.

Білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде кезеңдерді сақтау: мектепке дейінгі ұйым өз қызметін 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында жүзеге асырылады. ҰДҚБ автоматтандырылған қызметі арқылы электрондық жолдама негізінде №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасына қабылданған тәрбиеленушілер жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, 2025-2026 оқу жылының басында жасақталды:

- Кіші топ - 2 жастағы балалар
- Ортаңғы топ - 3 жастағы балалар
- Ересек топ - 4 жастағы балалар
- Мектепалды топ - 5 жастағы балалар болып бөлінеді.

№8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасында топтардың саны, тәрбиеленушілердің сандық құрамы 2025 жылдың 1 қыркүйегінде - 372 бала. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының тәрбиеленушілер контингентінің құрамының көшірмелері №3 қосымшада тіркелді.

Тәрбиеленушілердің сандық құрамы Қосымша 3 көрсетілді - 372

2025 жылдың 03 ақпан айына тәрбиеленушілер контингенті ҰДҚБ тізім бойынша - 372.

# IV. Оқу-әдістемелік жұмыстар

«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ №8 «Күншуақ» бөбекжай - балабақшасы МКҚК-ның 2025-2026 оқу жылында жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндеттістандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жасалды. Балабақшада оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Тәрбие - білім беру процесі: перспективалық жоспарға, циклограммаға, тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингіне сәйкес жүзеге асырылады. Перспективалық жоспарды оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер, педагогтар жасайды. 2023-2026 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтер (музыка жетекшілері, дене шынықтыру нұсқаушылары және т.б.) жасады. Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша 18 білім беру міндеттерін міндетті түрде орындау көзделген. Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге кетуінен бастап барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Тәрбиешілердің, педагог - мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы педагогикалық кеңесте қаралған және бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалады.

2023-2026 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде педагогтер негізгі қағидаларға сүйенді:

- ойын арқылы оқыту;

- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардыңөзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие процесін жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын, әдістері мен әдістерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескереді.

